Аннотация. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару саясатында ізгілендіру мәселесіне ерекше назар аударады. Мәселен, жаңа заң шығарылады, қолданыстағы нормативтік құқықтық актіге белгілі бір түзету енгізіледі. Жүргізіліп жатқан реформа түрме тұрғындарын азайтуға бағытталған, айыппұл, түзеу жұмысы, қоғамдық жұмысқа тарту, бостандықты шектеу сияқты жазаның сан алуан түрін қарастырады. Белгіленген жаза түрін іс жүзінде орындаумен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің пробация қызметі айналысады. Мақалада пробацияның қолданыстағы түрлерін талдау ұсынылған: сотқа дейінгі пробация, үкім пробациясы, пенитенциарлық пробация және пенитенциардан кейінгі пробация. Олардың қызметінің тиімділігі қарастырылады, талдау нәтижесінде оларды практикалық қызметте қолданудың орындылығы туралы қорытынды ұсынылады.

Негізгі сөздер: пробация, пробация қызметі, жаза, қайта әлеуметтену, ізгілендіру, сотқа дейінгі пробация, үкімдік пробация, пенитенциарлық пробация, пенитенциарлық пробация.

R.K. Baidildina,
Senior Lecturer of the Department of General Legal Disciplines,
candidate of legal Sciences, Police Captain
(Kostanay academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after Sh. Kabyrbayev, e-mail: raziya.11@mail.ru)

**Types of probation in the Republic of Kazakhstan and
the feasibility of their activities**

Annotation. The Republic of Kazakhstan pays special attention to the issues of humanization in its penal policy. Thus, new laws are being issued, certain amendments are being made to existing regulatory legal acts. The ongoing reforms are entirely aimed at reducing the prison population, provides for various types of punishment, such as fines, correctional labor, community service, restriction of freedom. The probation service of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan is engaged in the practical execution of the designated types of punishments. The article presents an analysis of the existing types of probation: pre-trial probation, sentencing probation, penitentiary probation and post-penitentiary probation. The effectiveness of their activities is considered, as a result of the analysis, conclusions about the expediency of their application in practice are presented.

Keywords: probation, probation service, punishment, resocialization, humanization, pre-trial probation, sentencing probation, post-penitentiary probation, penitentiary probation.



Баргаринов А.Р.,
старший преподаватель, кандидат юридических наук, подполковник полиции
(Костанайская академия МВД РК им. Ш. Кабылбаева,
г. Костанай, Республика Казахстан, e-mail: pradik111777@mail.ru)

**Международное сотрудничество правоохранительных органов
и специальных служб Республики Казахстан при расследовании
транснациональных преступлений экстремистского характера**

Аннотация. В статье освещаются вопросы международного сотрудничества Республики Казахстан при расследовании транснациональных преступлений экстремистского характера. Анализируется правовая основа и законодательство Республики Казахстан о противодействии экстремизму. Наряду с правовыми, рассматриваются организационные основы противодействия транснациональному экстремизму. Изучены формы и ключевые направления международного сотрудничества в рамках расследования транснациональных преступлений экстремистского характера. Выделяются негативные аспекты межгосударственного взаимодействия, влияющие на результативность расследования указанной категории уголовных дел. Учитывается европейский опыт транснационального полицейского сотрудничества агентств Европейского союза. Предлагаются меры по совершенствованию эффективности расследования транснациональных преступлений экстремистского характера. Резюмируется вывод о необходимости использования современных и эффективных алгоритмов скоординированных действий сотрудников правоохранительных и специальных служб в рамках межгосударственного интеграционного пространства.

Ключевые слова: транснациональный экстремизм, международное сотрудничество, НЦБ Интерпол, расследование экстремистских преступлений, правоохранительные и специальные органы.

Транснациональный характер экстремистских преступлений предполагает расследование уголовных дел в рамках данной категории при тесном взаимодействии с правоохранительными органами других государств. В этой связи первостепенное значение при межгосударственном взаимодействии имеют организационные вопросы, решение которых во многом предопределяет эффективность и качество расследования. Учитывая тот факт, что транснациональные преступные группы не ограничиваются совершением одного преступления, а, как правило, имеют многовекторный характер криминальной активности, выявление соучастников обуславливает необходимость скоординированных действий всех заинтересованных правоохранительных служб.

Перечень преступлений экстремистского характера регламентирован п. 39 ст. 3 УК РК (включает деяния, предусмотренные ст. 174 «Возбуждение социальной, национальной, родовой, расовой, сословной или религиозной розни»; ст. 179 «Пропаганда или публичные призывы к захвату или удержанию власти, а равно захват или удержание власти либо насильственное изменение конституционного строя»; ст. 180 «Сепаратистская деятельность»; ст. 181 «Вооруженный мятеж»; ст. 182 «Создание, руководство экстремистской группой или участие в ее деятельности»; ст. 184 «Диверсия»; ст. 258 «Финансирование террористической или экстремистской деятельности и иное пособничество терроризму либо экстремизму»; ст. 259 «Вербовка или подготовка либо вооружение лиц в целях организации террористической либо экстремистской деятельности»; ст. 260 «Прохождение террористической или экстремистской подготовки»; ст. 267 «Организация незаконного военизированного формирования»; ч. 2 ст. 404 «Создание общественного объединения, провозглашающего или на практике реализующего расовую, национальную, родовую, социальную, сословную или религиозную нетерпимость или исключительность, призывающего к насильственному ниспровержению конституционного строя, подрыву безопасности государства или посягательствам на территориальную целостность Республики Казахстан, а равно руководство таким объединением»; ч. 3 ст. 404 «Активное участие в деятельности объединений, указанных в частях пер-

вой или второй настоящей статьи»; ст. 405 УК РК «Организация и участие в деятельности общественного или религиозного объединения либо иной организации после решения суда о запрете их деятельности или ликвидации в связи с осуществлением ими экстремизма или терроризма» [1].

Так, по данным Комитета по правовой статистике и специальным учётам Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан (КПСиСУ ГП РК) [2] за 2017 г., в Республике Казахстан в ЕРДР зарегистрировано 453 правонарушения, связанных с экстремизмом и терроризмом. Из них 219 преступлений — по ст. 174 УК РК; 1 — по ст. 179 УК РК; 1 — по ст. 180 УК РК; 18 — по ст. 258 УК РК; 13 — по ст. 259 УК РК; 3 — по ст. 260 УК РК; 2 — по ч. 3 ст. 404 УК РК; 20 — по ст. 405 УК РК.

В 2018 году в ЕРДР РК зарегистрировано 323 правонарушения, связанных с экстремизмом и терроризмом. Из них по ст. 174 УК РК — 139 преступлений, ст. 179 УК РК — 6 преступлений; ст. 180 УК РК — 1 преступление; ст. 258 УК РК — 14 преступлений; ст. 259 УК РК — 11 преступлений; ст. 405 УК РК — 49 преступлений.

В 2019 году в ЕРДР РК зарегистрировано 233 преступления, связанных с экстремизмом и терроризмом. Из них 68 преступлений — по ст. 174 УК РК; 3 — по ст. 179 УК РК; 2 — по ст. 180 УК РК; 3 — по ст. 258 УК РК; 2 — по ст. 259 УК РК; 2 — по ст. 260 УК РК, 45 — по ст. 405 УК РК.

В 2020 году в ЕРДР РК зарегистрировано 208 правонарушений, связанных с экстремизмом и терроризмом. Из них 57 преступлений, предусмотренных ст. 174 УК РК; 2 — по ст. 179 УК РК; 3 — по ст. 182 УК РК; 9 — по ст. 258 УК РК; 7 — по ст. 259 УК РК; 2 — по ст. 260 УК РК, 63 — по ст. 405 УК РК.

В 2021 году в ЕРДР РК зарегистрировано 192 преступления, связанных с экстремизмом и терроризмом. Из них 58 — по ст. 174 УК РК; 1 — по ст. 179 УК РК; 2 — по ст. 180 УК РК; 1 — по ст. 182 УК РК; 7 — по ст. 258 УК РК; 5 — по ст. 259 УК РК, 50 — по ст. 405 УК РК.

В 2022 году в ЕРДР РК зарегистрировано 197 преступлений, связанных с экстремизмом и терроризмом. Из них 46 правонарушений — по ст. 174 УК РК; 6 — по ст. 179 УК РК; 7 — по ст. 180 УК РК; 1 — по ст. 182 УК РК; 2 — по ст. 258 УК РК; 8 — по ст. 259 УК РК; 27 — по ст. 405 УК РК [2].

Приведенные данные свидетельствуют о снижении количества преступлений, связанных с экстремизмом и терроризмом, за анализируемый (2017–2022 гг.) период. Положительная тенденция подтверждает эффективную работу правоохранительной системы Республики Казахстан по противодействию терроризму и экстремизму. Однако присутствие экстремистских преступлений в уголовной статистике Республики Казахстан устойчиво сохраняется, при этом в 2022 году прослеживается увеличение показателей рассматриваемого сегмента преступлений. Вместе с тем, расширяется масштаб преступлений так называемого сопутствующего характера, совершаемых участниками транснациональных преступных организаций и организованных групп (п.п. 34–35 ст. 3 УК РК).

Борьба с транснациональными преступлениями, сопряженными с экстремистской деятельностью, является одним из приоритетных направлений защиты мирового сообщества от транснациональной организованной преступности. При этом развитие современных информационно-коммуникационных технологий диктует появление новых форм экстремизма, а информационное пространство буквально стирает под его влиянием все границы.

Противодействие экстремизму и терроризму в Казахстане ведется на программной основе, что подтверждается принятием соответствующих отраслевых государственных программ, специальных правовых актов, установлением ответственности и наличием специальных структурных подразделений в системе специальных и правоохранительных органах [3, 87]. В настоящее время действует «Программа сотрудничества государств — участников СНГ в борьбе с терроризмом и экстремизмом на 2023–2025 годы». Реализация основных направле-

ний деятельности основывается на комплексе мер в сфере борьбы с экстремизмом, предусмотренных в рамках данной Программы.

Особую роль в борьбе с международной уголовной преступностью выполняет НЦБ Интерпол. В 1986 г. в составе Генерального секретариата Интерпола сформировано особое структурное подразделение ТЕ — группа по борьбе с терроризмом и экстремизмом. В его рамках была создана база данных о лицах, причастных или подозреваемых в террористической и экстремистской деятельности. Кроме того, в Интерполе существует база данных на преступные организации, причастные к совершению террористических актов; отслеживаются их связи с преступными сообществами, занимающимися наркобизнесом, торговлей оружием и др. Ежегодно на сессиях Генеральной Ассамблеи заслушивается отчет по делам о террористических актах и экстремистских действиях [4, 118].

Сотрудничество правоохранительных органов Республики Казахстан с компетентными органами иностранных государств в части борьбы с международным экстремизмом определяется общей целью Устава ООН «принимать эффективные коллективные меры для предотвращения и устранения угрозы миру и подавления актов агрессии или других нарушений мира...» [5]. Исходя из указанной цели, принципы Устава ООН находят отражение в Конвенции ООН против транснациональной организованной преступности, ратифицированной Законом Республики Казахстан 4 июня 2008 года [6]; Шанхайской конвенции о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом, ратифицированной Законом Республики Казахстан от 18 апреля 2022 года [7]; Конвенции Шанхайской организации сотрудничества по противодействию экстремизму, ратифицированной Законом Республики Казахстан 18 февраля 2020 года [8] и других нормативно-правовых актах, составляющих законодательство Республики Казахстан о противодействии экстремизму.

Конституция Республики Казахстан закрепляет положение о том, что международные договоры, ратифицированные Республикой, имеют приоритет перед ее законами. В УПК РК предусмотрена норма (ст. 2 УПК РК), определяющая приоритет международных договоров перед настоящим Кодексом.

В целях защиты высших ценностей Республики Казахстан в соответствии с законодательством Казахстана реализуются организационные основы противодействия экстремизму, под которыми понимаются полномочия и меры, принимаемые государственными органами, направленные на выявление и пресечение, принятие профилактических мер по предупреждению экстремизма, минимизацию и ликвидацию последствий проявлений экстремизма [9].

Кроме того, в соответствии с законодательством Республики Казахстан, осуществляются контрразведывательные и оперативно-розыскные мероприятия, в рамках запросов о правовой помощи обеспечивается преследование на территории Казахстана лиц, причастных к экстремистской деятельности. В соответствии со статьей 560 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан предусматривается возможность направления запроса об оказании правовой помощи компетентному органу иностранного государства. Компетентным органом, выступающим инициатором отправления запроса, является орган, ведущий уголовный процесс. Вместе с тем, при отсутствии международного соглашения исполнение запроса о правовой помощи (следственного поручения) для компетентного органа иностранного государства необязательно и исполняется на добровольных началах.

К одной из приоритетных форм международного сотрудничества в рамках решения задач расследования транснациональных преступлений экстремистского характера относится формирование совместных международных следственно-оперативных групп, которые рассматривает И.М. Нурбеков [10]; их состав определяется в соглашении сторон в зависимости от цели их организации, обстоятельств расследуемого события и т. д. Основанием для их создания служит официальный запрос и соответствующее соглашение о правовой помощи между компетентными органами.

Ключевыми направлениями международного сотрудничества при расследовании транснациональных преступлений экстремистского характера являются: выявление системы связей членов преступных формирований с помощью информационно-телекоммуникационного и компьютерного оборудования; противодействие легализации (отмыванию) доходов, имеющих отношение к финансированию экстремизма. В рамках указанных целей реализуется информационный обмен о лицах и каналах финансирования межгосударственных запрещенных экстремистских и террористических организаций; проведение совместных оперативно-розыскных и специальных мероприятий. В частности, эти вопросы обсуждаются в рамках регулярных заседаний Координационного совета руководителей органов налоговых (финансовых) расследований государств — участников СНГ (КСОНР) [11, 85].

Трансформация современных форм и методов транснационального экстремизма свидетельствует о важности координации совместных мер правоохранительных структур и специальных служб и разработке упрощенного алгоритма действий по оказанию взаимной правовой помощи в направлении противодействия данному явлению.

Негативным образом на плодотворность расследования транснациональных преступлений экстремистского характера влияет коммуникативный барьер (незнание иностранных языков) и различие в национальных особенностях государств в рамках сотрудничества. В этом отношении представляет интерес опыт сотрудничества правоохранительных органов в рамках Европола и Евроюста. Координация сотрудничества агентств ЕС также ведется с правоохранительными органами стран, не входящих в Европейский союз. При этом реализуется комплекс задач по информационному обмену, совместному расследованию и судебным разбирательствам с проявлениями международной организованной преступности.

В этой связи актуализируются вопросы обеспечения трансграничного сотрудничества в рамках территории стран — участников СНГ и ОДКБ. Интересным представляется заимствование европейского опыта и создание в рамках ЕАЭС специального полицейского ведомства — Евразпола.

Так, например, это позволит существенно повысить качество и эффективность расследования транснациональных преступлений экстремистского характера в ситуации, когда участники организованного преступного сообщества на территории Казахстана и России, управляемые руководителями сообщества с территории Афганистана или Сирии, совершают преступления с целью: вербовки граждан своих государств в ряды запрещенной транснациональной экстремистской организации, разжигания розни, пропаганды экстремизма с использованием информационно-коммуникационного оборудования и возможностей сети Интернет. Во-первых, это ускорит обмен информацией; во-вторых, позволит выработать общие тактические подходы в работе по расследованию и объединить возможности правоохранительных органов разных стран в решении конкретной тактической задачи [12, 116–117].

На основании вышеизложенного, следует, что результативность раскрытия и расследования транснациональных преступлений экстремистского характера предопределяется скоординированным механизмом межгосударственного сотрудничества правоохранительных и специальных служб. При этом значимым фактором является модернизация интеграционного взаимодействия, с использованием современных инновационных технологий, обеспечение паритетных механизмов реализации международного партнерства.

Список использованной литературы:

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 г. № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.03.2023 г.) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575252

2. Правовая статистика. Статистические отчеты за 2017–2022 гг. Официальный сайт Генеральной прокуратуры Республики Казахстан <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>
3. Сейтжанов О.Т. Дифференциация и унификация экстремистских и террористических преступлений по уголовному законодательству Республики Казахстан // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2022. — № 4 (78). — С. 85–89.
4. Мавлянов А.С. Роль Интерпола в борьбе с экстремизмом // Известия вузов Кыргызстана. — 2017. — № 3. — С. 118.
5. Официальный сайт ООН // Электронный ресурс: <https://www.un.org/ru/about-us/>
6. Закон Республики Казахстан от 4 июня 2008 года № 40-IV «О ратификации Конвенции Организации Объединенных Наций против транснациональной организованной преступности» // Электронный ресурс: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000040_
7. Закон Республики Казахстан от 18 апреля 2022 года № 316 «О ратификации Шанхайской конвенцией о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом» // Электронный ресурс: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2000000303>
8. Закон Республики Казахстан 18 февраля 2020 года № 303-VI ЗРК «О ратификации Конвенции Шанхайской организации сотрудничества по противодействию экстремизму» // Электронный ресурс: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2000000303>
9. Комментарий к законам Республики Казахстан «О противодействии терроризму» и «О противодействии экстремизму» / Под редакцией Депутата Мажилиса Парламента Республики Казахстан, Председателя Правового совета при партии «Нур Отан» д-ра юрид. наук профессора Н.М. Абдирова, директора НИИ государства и права им. Г. Сапарғалиева, заместителя Председателя Правового совета при партии «Нур Отан», секретаря Казахстанского союза юристов, д-ра юрид. наук Н.Н. Турецкого, 2013 // Электронный ресурс: <https://kurl.ru/CUrYn>
10. Нурбеков И.М. Организация и тактика взаимодействия с иностранными компетентными органами при расследовании преступлений международного характера. — М., 2012. — С. 156.
11. По материалам XIX заседания Координационного совета руководителей органов налоговых (финансовых) расследований государств — участников СНГ // Информационный ресурс: <https://мвд.рф/news/item/11132536/>; Тагиров З.И., Трофимов Ю.В. Направления совершенствования организации международного межведомственного правоохранительного сотрудничества по противодействию терроризму (на опыте стран Европейского союза) // Академическая мысль. — 2019. — № 2 (7). — С. 85.
12. Барғаринов А.Р. Расследование транснациональных преступлений экстремистского характера в Республике Казахстан: Дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.12 / Аслан Рамазанович Барғаринов. — М., 2022. — С. 116–117.

Барғаринов А.Р.,

*аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ., e-mail: e-mail: pradik111777@mail.ru)*

**Экстремистік сипаттағы трансұлттық қылмысты тергеу кезінде
Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметінің
халықаралық ынтымақтастығы**

Аннотация. Мақалада экстремистік сипаттағы трансұлттық қылмысты тергеу кезіндегі Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастық мәселесі баяндалады. Қазақстан Республикасының Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы құқықтық негізі мен заңнамасы талданады. Құқықтық негізбен қатар трансұлттық экстремизмге қарсы іс-қимылдың ұйымдастырушылық негізі де қарастырылуда. Экстремистік сипаттағы трансұлттық қылмысты тергеу шеңберінде халықаралық ынтымақтастықтың нысаны мен негізгі бағыты зерттеледі. Қылмыстық істің көрсетілген санатын жүргізудің нәтижелілігіне әсер ететін мемлекетаралық өзара іс-қимылдың жағымсыз аспектісі ерекшеленеді. Еуропалық Одақ агенттігінің трансұлттық полиция ынтымақтастығының еуропалық тәжірибесі ескеріледі. Экстремистік сипаттағы трансұлттық қылмысты тергеудің

тиімділігін арттыру бойынша шара ұсынылады. Мемлекетаралық интеграциялық кеңістік аясында құқық қорғау және арнайы қызмет қызметкерлерінің үйлестірілген іс-қимылының заманауи және тиімді алгоритмін пайдалану қажеттілігі туралы түйін беріледі.

Негізгі сөздер: трансұлттық экстремизм, халықаралық ынтымақтастық, Интерпол ҰБО, экстремистік қылмысты тергеу, құқық қорғау және арнайы орган.

A.R. Bargarinov,
senior lecturer, Candidate of Legal Sciences, police lieutenant colonel
(Kostanay academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after Sh. Kabybayev, e-mail: e-mail: pradik111777@mail.ru)

**International cooperation of law enforcement agencies and special services
of the Republic of Kazakhstan in the investigation
of transnational crimes of an extremist nature**

Annotation. The article highlights the issues of international cooperation of the Republic of Kazakhstan in the investigation of transnational crimes of an extremist nature. The legal framework and legislation of the Republic of Kazakhstan on countering extremism are analyzed. Along with the legal ones, the organizational foundations of countering transnational extremism are considered. The forms and key directions of international cooperation in the investigation of transnational crimes of an extremist nature have been studied. The negative aspects of interstate interaction affecting the effectiveness of the investigation of this category of criminal cases are highlighted. The European experience of transnational police cooperation between agencies of the European Union is taken into account. Measures are proposed to improve the effectiveness of the investigation of transnational crimes of an extremist nature. The conclusion is summarized about the need to use modern and effective algorithms for coordinated actions of law enforcement and special services within the interstate integration space.

Keywords: transnational extremism, international cooperation, NCB Interpol, investigation of extremist crimes, law enforcement and special agencies.



ӘОЖ 343.131

Бижан Н.Р.,
құқықтану және тарих кафедрасының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты
(e-mail: bizhan.72@mail.ru);
Каныбеков А.Ш.,
аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі
(Орталық Азия инновациялық университеті, Қазақстан Республикасы,
Шымкент қ., e-mail: adilbek.kanybekov072@mail.ru)

**Айыптау және қорғау тараптарының жарыспалылығы мен
тең құқылығы қағидатындағы бәсекеге қабілеттілік мәселесі**

Аннотация. Авторлар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1988 жылғы италиялық тәжірибені айыптау және қорғау тараптарының сот жүйесі мен сот ісін реформалауға қатысты бәсекеге қабілеттілік қағидатының ықпалын күшейту үшін пайдалану туралы ұсынысын қарайды. Әңгіме ҚР ҚІЖК-де «қос досье» тетігін енгізу мүмкіндігі туралы болып отыр. Бірінші «досье» — сотқа дейінгі тергеп-тексеруде судья үшін «қол жетімсіз» ретінде қалыптастырылады, екінші «досье» тараптардың соттың пассивті рөлі кезінде дәлелдеме беруі арқылы тікелей сот талқылауы сатысында қалыптастырылады. Мақалада дәлелдемені жинау кезінде қорғаушы тараптың біліктілігінде ешқандай пікір туындамайтыны, сотқа дейінгі тергеу барысында тергеу судьясы қылмыстық іс жүргізу заңнамасының принципі мен талабын тиісінше орындауға өз үлесін қоса алатыны, сондай-ақ дәлелдемені жинауға арналған құралдың қол жетімділігі ерекшеленетіні атап көрсетілген.

Негізгі сөздер: қос іс жүргізу, айыптаушы, қорғаушы, тараптар, дәлелдеме жинау, жарыспалылық, тең құқылық, бәсекеге қабілеттілік, сотталушы, кінәлі.

Әлемдегі әрбір мемлекетпен қабылданатын кез келген маңызды құқықтық құжат — ата заңының талабында қарастырылған әлеуетті дамытуды жалғастыруы міндетті болып табылады. Себебі қоғам мүшелерінің конституциялық құқығы мен кепілдігін мүлтіксіз қамтамасыз ету – мемлекеттің стратегиялық жоспарында қойып отырған үлкен міндетке қол жеткізудің кепілдігі.

Философ ғалым Әбу Насыр әл-Фараби шынайы заңтанушы елдің барлық аймағына, барлық сыныбы мен келесі ұрпағына бақыт әкелетін және адамзат мүддесі қорғалған жаңа заңдар қабылдайды деген болатын [1].

Азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын қорғау, қылмыстық қудалауды жүзеге асырудың және соттың сот төрелігін іске асырудың сапасы мәселесі өзекті күйінде қалып отырғаны ҚР Президентінің 2021 жылдың 15 қазанындағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасында нақты айтылған болатын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот жүйесі мен сот ісін жүргізуді реформалауға қатысты ұсынысы аталған ғалымның пікіріне сәйкес және президентіміздің жарлығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, сонымен қатар еліміздің заңнамасына қайшы келмейтінін айта кетуіміз керек. Басты сот талқылауын жүргізуші судьяның сотқа дейінгі қылмыстық істің материалымен таныса алмауы, тергеу барысындағы заңсыздыққа жол беріледі деген пікір емес. Ол сатыда жоғары қадағалауды жүзеге асырушы прокурордың қызметімен және де қылмыстық процеске қатысушылардың заңсыз әрекетіне шағымдануды тергеу судьясы арқылы жүзеге асырылуына қол жеткізіледі. Тараптармен дәлелдеменің жан-жақты, толық, объективті түрде жиналуымен қоғам арасында әлеуметтік теңсіздіктің болуына жол берілмейді.

Кез келген мемлекеттің қылмыстық іс бойынша сот процесіндегі судьяның алдында отырған тұлға сотталушы болғанымен, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруде жиналған қылмыстық істің материалы оны кінәлі деп тануға рұқсат бермейді. Бұл талап ҚР Конституциясының 77-бабы [2] мен ҚР Қылмыстық процесілік кодексінің 19-бабына сай бекітілген [3]. Дегенмен қылмыстық іс материалымен танысқаннан кейін, расында да, сотталушының қылмыстық іс-әрекетке бой алдырған деген пікір туралы көзқарасының басым болуы, барлық қылмыстық процеске қатысушы тұлғаға ой тұжырымдауына әкеліп соғады. Оның себебін қорғаушы мен сотталушының пікірі тек сот талқылауында, яғни айыптаушы тараптың ұсынылған дәлелдемесінен кейін ғана танысуымен түсіндіруге болады. Негізінде сотталушы деген ұғым кез келген қоғам субъектісіне сотталушының қылмысы бойынша кінәлі деген түсінігін туындатады.

Айыпталушы сөзін қолдануға күмән туындататын келесідей себепке тоқталсақ. Қазақ тілі диалектісінің, оның ішінде жеке сөйленісінің лексикалық ерекшелігінен және құрамында сирек кездесетін фонетикалық, грамматикалық құбылысынан мәлімет беретін сөздерді құрайтын диалектикалық сөздікте, *айып-қиып* (Гурьев, Маңғыстау, Семей өңірінде қолданылған. «... Оразбайдың бетін айдай қыламыз, айыпты етеміз, сол айып-қиыбымен Абайдың аяғына әкеп жығамыз» дескен еді (М. Әуезов, Абай жолы, II, 676). *Айып* кінә деген мағынаны білдіреді. Аталған сөздікте *айыптар* (Гурьев, Маңғыстау, Қарақалпақстан өңірінде қолданылған), (*айыптар* адамдарға билер о заманда *айып-қиып* салатын) *айыпкер* деп түсінік береді [4].

Сондай-ақ қолданыста кеңінен тараған уикипедияда *айыпталушы* терминінің мән-мағынасын қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіппен қылмыстық жауапкершілікке тартылған адам, ал сотталушы кісіні ісі бойынша басты сот талқылауы тағайын-

далған айыпталушы деп түсіндіреді. Демек, *айыпталушы* термині сотты болып, күшіне енген үкіммен ғана кінәлі деп танылатын адамға ғана қолданылатын ескеретін болсақ, оны қолдану заңға қайшы келмей ме?

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *кінәлаушы* термині *кінә тағушы*, *айыптаушы* деген ұғымды білдіреді [5].

Бұдан туындайтыны, *айыпталушы*, *сотталушы* терминдері, яғни айып тағылған, айыбы, кінәсі дәлелденген тұлғаға қатысты қолданылатыны туралы түсінік береді. Ал кінәсіздік презумпциясы талабына сәйкес ҚР Қылмыстық процесстік кодексінде көзделген тәртіппен дәлелденген және соттың заңды күшіне енген үкімімен ғана адамның кінәлігі дәлелденуі қажет. Басты сот талқылауы жүргізілмей, дәлелдеме мен іс бойынша шығарылған үкім заңды деп танылмай жатып, адам қалай қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты айыпты болуы мүмкін? Бұл өз кезегінде жоғарыда көрсетілген ҚР Конституцияның және ҚР ҚПК-нің талабына қайшы.

Қазақстан Республикасы Президентінің ҚР 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы жарлығында бірінші кезекте қорғаушы тарап қызметінің сапасы оның дәлелдеме жинау өкілеттілігінің спектріне байланысты екені айтылған.

Сондай-ақ бұл тараптың дәлелдемені жинау бойынша өкілеттілігін регламенттейтін қылмыстық-процестік заңнама саласы қоғам тарапынан сынға неғұрлым көп ұшырайтыны және де оның себебі қорғаушы мен айыптаушы тараптар арасындағы мүмкіндіктің теңгерімсіздігі байқалатыны, бұл тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатына қайшы келетіні туралы аталып өтіледі [6]. Қылмыстық іс бойынша дәлелдемені жинау өкілеттілігінің қорғаушы тарапына берілуі өз кезегінде жарыспалылықтың негізінде шындықтың сараланып, ақиқаттың ашылуына себепші болып табылады.

Сонымен қатар сот талқылау сатысындағы дәлелдеменің тараптармен ұсыну барысындағы соттың енжарлығына қатысты. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеу судьясы да істің қылмыстық процесстік заңнама қағидаты мен талабының толық орындалуына өз үлесін қоса алады. Және де тергеу барысында анықталған жағдайдағы заңсыздықты жоғары тұрған лауазым иесіне, прокурорға не сотқа, яғни тергеу судьясына шағымдану арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Шетел мемлекеттерінің заңнамасындағы жаңашылдықты өз мемлекетіміздің ішкі саясатын мен жағдайын саралай келе, жаңа заңнама қабылдауға ешқандай мемлекеттің де шектеуге құқығы жоқ.

Дәлелдеме жинаудағы қорғаушы тарапының біліктілігіне қатысты. Қоғамда қорғаушы тарапының біліктілігіне де ешқандай күмән туындауына жол берілмейді. Себебі бұл тарап өзінің құзыретті екенін мемлекет алдында дәлелдеп қажетті лицензиясын заңды түрде иемденген тұлға.

Сот билігін жүргізуге қатысты. Тараптармен дәлелдемені жинап оны сотта ұсыну — сот билігін жүргізу емес. Ешкіммен де сот билігін бөлісу сұрақтары қарастырылмайды. Мәселе — тараптармен дәлелдемені жинау және ұсынуда. Сот билігін жүргізу конституциямен айқындалған талаппен қала бермек.

Дәлелдемені жинауға кететін қаржы мәселесіне қатысты. Мұнда іссапар, сараптама тағайындау, өтініш, шағым келтіруде екі мәселе туындайды. Біріншісі — уақыт, екіншісі — жұмсалатын қаржы. Бірінші сұрақ бойынша электронды түрде тапсырылу арқылы шешіледі. Екіншісінде, жүргізілетін сараптама қорытындысының сомасы ауқымды емес. Қол жетімді сома. Басқа қаладағы дәлелдемені жинауды процесстік заңнамадағы жеке тапсырма беру құқығын қорғаушы тарапының құзыретіне беру арқылы шешуге болады. Сот талқылауының басым көбі өз өңірінде жүргізіледі. Демек, азаматтар арасындағы ешқандай да әлеуметтік теңсіздік (кедей мен бай) туралы сұрақтарды қарастырудың қажеттілігі жоқ.

Сонымен қатар азаматтық істі талқылауда өз дәлелдемесін жинап ұсыну тараптарға жүктелген міндеттемесін орындай алатыны және де олар жарыспалылығы мен тең құқылығы

қағидаты негізінде бәсекеге қабілетті екені дәлелденіп отыр. Тіпті екінші тараптың өзі мемлекеттік орган болса да. Яғни заңдылықтың орын алған жерінде тараптар өз құқығын жүзеге асыра алатыны мәлім. Оған кепілдік ретінде конституциямыздағы мемлекеттік меншік те, жеке меншік те тең және билік халықтың қолында екенін атап өтуге болады. Қандай заң, қандай тұлға не қандай үрдіс бұл мүмкіндікті қылмыстық істе тиімді пайдалануға шектеу қоя алады? Қылмыстық істі қараудағы тараптардың дәлелдеме жинауы елімізге таңсық дүние емес. Конституциямызды қабылдауға себеп болған Қасым ханның қасқа жолы мен Есім ханның ескі жолы да кезінде реттеуші құқықтық акт ретінде тараптарға осы құқықты қолдануға мүмкіндік берген.

Сондықтан сот жүйесі мен сот ісін жүргізуді реформалауға қатысты ұсыныс Ресей ғалымы Л.В. Головкиның айыптау және қорғау тараптарының бәсекеге қабілеттілігі: италиялық тәжірбиені қабылдаудың қолайлығы мақаласындағы пікіріне күмән туындатады [7].

Адамның табиғи құқығы мен бостандығын құрметтеу қылмыстық іс бойынша объективті шындыққа қол жеткізудің ажырамас кепілі болып табылады [8].

Сонымен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалы судьяның қолында болмаған кезінде қос іс жүргізу механизмін енгізу және соттың енжар рөлі бар тараптардың дәлелдемесін ұсыну арқылы тікелей сот талқылауын жүргізу зерттеуінің нәтижесі ретінде ұсынамыз.

Дәлелдемеле жинауға қорғаушы тараптың біліктілігіне ешқандай күмән туындамайтын; сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеу судьясы да, прокурор да істің қылмыстық процестік заңнама қағидаты мен талабының толық орындалуына өз үлесін қоса алатынын және де дәлелдемені жинауға кететін қаржының қол жетімділігін; дәлелдемені жинау өкілеттілігінің қорғаушыға берілуі өз кезегінде тараптардың тең құқылық пен жарыспалылықтың негізінде шындықтың сараланып, ақиқаттың ашылуына себепші болып табылатынын; тараптармен дәлелдеменің жан-жақты, толық, объективті түрде жиналуымен қоғам арасында әлеуметтік теңсіздіктің болуына жол берілмейтінін ескере келе, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот жүйесі мен сот ісін жүргізуді реформалауға қатысты ұсынысы еліміздің заңнамасына қайшы келмейтіні мен тұлғалардың конституциялық құқығы мен бостандығын қорғау, қылмыстық қудалауының және соттың сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ағыбаев А.Н. Парасат журналы. — 2007. — № 4. — 4–5, 10-б.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы: Жеті жарғы, 2022 — 42-б.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. — Алматы: ЮРИСТ, 2020 — 352-б.
4. Диалектологиялық сөздік. — Алматы, 2007. — 800-б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. — Алматы: Дайк-пресс, 2008. — 968 б.
6. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>
7. Головки Л.В. Состязательность сторон обвинения и защиты: приемлемость рецепции итальянского опыта // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Право. — 2022. — № 4 (141). — С. 147–153
8. Хан В.В. Презрение естественных прав человека как основная форма отчуждения иррационального в уголовном процессе // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова — 2023. — № 1 (79) — С. 168–174.

Бижан Н.Р.,

*доцент кафедры правоведения и истории, кандидат юридических наук
(e-mail: bizhan.72@mail.ru);*

Каныбеков А.Ш.,

*старший преподаватель, магистр юридических наук
(Центрально-Азиатский инновационный университет, Республика Казахстан,
г. Шымкент, e-mail: adilbek.kanybekov072@mail.ru)*

Вопросы конкурентоспособности в принципе состязательности и равноправия сторон обвинения и защиты

Аннотация. Авторы рассматривают предложение Верховного Суда Республики Казахстан об использовании итальянского опыта 1988 года для усиления влияния принципа конкурентоспособности сторон обвинения и защиты в отношении реформирования судебной системы и судопроизводства. Речь идет о возможности внедрения в УПК РК механизма «двойного досье». Первое «досье» — материалы досудебного расследования — формируются для судьи «недоступно», второе «досье» формируется непосредственно в стадии судебного разбирательства путем предоставления сторонами доказательств при пассивной роли суда. В статье подчеркивается, что не возникает никаких сомнений в квалификации стороны защиты при сборе доказательств, в ходе досудебного расследования следственный судья также может внести свой вклад в надлежащее исполнение принципов и требований уголовно-процессуального законодательства, а также отличается доступность средств для сбора доказательств.

Ключевые слова: двойное досье, обвинитель, защитник, стороны, сбор доказательств, состязательность, равноправие, конкурентоспособность, подсудимый, виновный.

N.R. Bizhan,

*Associate Professor of the Department, Candidate of Legal Sciences
(e-mail: bizhan.72@mail.ru);*

A.Sh. Kanybekov,

*Senior Lecturer, Master of Law
(Central Asian Innovative University, the city of Shymkent, Republic of Kazakhstan,
e-mail: adilbek.kanybekov072@mail.ru)*

Issues of competitiveness in the principle of competitiveness and equality of the parties to the prosecution and defense

Annotation. The authors consider the proposal of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan on the use of the Italian experience of 1988 to strengthen the influence of the principle of competitiveness of the prosecution and defense parties in relation to the reform of the judicial system and judicial proceedings. We are talking about the possibility of introducing a «double dossier» mechanism in the CPC of the Republic of Kazakhstan. The first «dossier» — the materials of the pre-trial investigation — are formed for the judge «inaccessible», the second «dossier» is formed directly at the stage of the trial by providing the parties with evidence in the passive role of the court. The article emphasizes that there are no differences in the qualifications of the defense when collecting evidence, during the pre-trial investigation, the investigating judge can also contribute to the proper implementation of the principles and requirements of criminal procedure legislation, and the availability of means for collecting evidence differs.

Keywords: double dossier, prosecutor, defender, parties, evidence collection, competitiveness, equality, competitiveness, defendant, guilty. an element in the formation of the rule of law.



ӘОЖ 34.341

Ергалимова А.Н.,
докторант, халықаралық құқық магистрі
(e-mail: akbore_80kz@mail.ru);
Абайдельдинов Е.М.,
заң ғылымдарының докторы
(Еуразия Ұлттық Университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
e-mail: erbolabay@mail.ru);
Уакасов Д.А.,
ғалым хатшысы, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., e-mail: udosa@inbox.ru)

**«Мүгедектердің құқықтары туралы» БҰҰ конвенциясына сәйкес
Қазақстан Республикасында мүгедек балаларға инклюзивті білім беру құқығын
іске асыру мәселесі**

Аннотация. Денсаулық пен психикалық даму ерекшелігіне байланысты ерекше оқу жағдайына мұқтаж мүгедек балаларға білім беру құқығы мемлекет тарапынан ерекше қолдауды талап етеді. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясын ратификациялаған сәттен бастап 2015 жылдың 20 ақпанынан осы салаға қажетті шара қабылдануда. Мақалада осы кезеңде елдің инклюзивті білім беру саласындағы жетістігі мен қиындығы туралы айтылады. Жұмыста құзыретті органдар ұсынған статистикалық дерек пайдаланылады. Авторлар Конвенцияға сәйкес мүмкіндігі шектеулі балалардың білім сапасын арттыруға бағытталған бірқатар заңнамалық шара ұсынады.

Негізгі сөздер: «Мүгедектердің құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы, мүмкіндігі шектеулі бала, инклюзивті білім беру, бейімді дене шынықтыру, психологиялық-педагогикалық түзеу.

Халықаралық құқықтағы мүмкіндігі шектеулі балалардың негізгі құқығының бірі — олардың кемсітусіз және өзге балалармен мүмкіндік теңдігі негізінде білім алуға құқығы болып табылады. БҰҰ қабылданған «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясы мүше-мемлекеттерден мүгедек адамдардың білім алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында мына міндеттің орындалуын талап етеді: мүгедектігіне байланысты білім беру жүйесінен шығарылуын жою; өзінің тұрғылықты жері бойынша инклюзивті, сапалы және тегін бастапқы және орта білім алу мүмкіндікті иелену құқығын жүзеге асыру; жекелеген денсаулық жағдайындағы ерекшелікті ескере отырып, олардың білім алуына қажетті жағдай мен ортаны қалыптастыру; мүгедек адамдардың білім алуы мен әлеуметтік дамуына барынша қолдауды ұйымдастыру бойынша тиімді шара қабылдау [1].

Конвенция ратификацияланған сәттен бастап елімізде мүмкіндігі шектеулі балалардың өзге балалармен тең білім алуын қамтамасыз ету бағытындағы мемлекеттік саясатты іске асырып келеді. Бұл саясаттың басты бағыты мүгедек және мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу әлеуетін іске асыру үшін барынша тиімді жағдай қалыптастыруға бағытталған инклюзивті білім беру болып табылады. Дегенмен оны жүзеге асыру тетігі әлі де болса жетілдіруді талап етеді. Қазіргі мақсат — еліміздегі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың инклюзивті білім беру саласындағы құқығын іске асыру механизмінің кемшіл тұсын анықтап, оларды шешудің тиімді жолын ұсыну, сол арқылы бұл санаттағы балалардың білім алу құқығын барынша жақсарту.

Адам табиғатынан әлеуметтік тіршілік иесі ретінде ерте балалық шақтан бастап басқа адамдармен толыққанды қарым-қатынас жасауға, ұжымның бір бөлігі болуға және заманауи, тез өзгеретін әлеуметтік-техникалық жағдайда өмір бойы білім алу, қайта даярлау мүмкін-

дігіне ие болуы керек. ҚР «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңында: «Мүгедектігі бар бала — тіршілік етуінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурудан, жарақаттан, олардың салдарынан, кемістіктен организмнің функциясы тұрақты бұзылып, денсаулығына зақым келген он сегіз жасқа дейінгі адам», — деген анықтама берілген [2].

Ибраева А.К., Маханова А.С., Утегенов Ч.К. ғалымдармен адам құқығы саласындағы халықаралық стандартқа экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтық тұрғыдан талдау жасалған [3].

ҚР ДСМ-нің 2022 жылғы статистикалық мәліметіне сүйенетін болсақ, елімізде 18 жасқа дейінгі мүгедек балалардың саны – 98254, оның ішінде Атырау облысында – 3922, Қызылорда облысында – 5513, Түркістан облысында – 14883, Шығыс Қазақстан облысында – 5593, Қостанай облысында – 3231, Алматы қаласында – 7841, Ақмола облысында – 3077, Жамбыл облысында – 6658, Маңғыстау облысында – 6601, Нұр-Сұлтан қаласында – 7188, Ақтөбе облысында – 4428, Батыс Қазақстан облысында – 2866, Павлодар облысында – 3123, Шымкент қаласында – 6663, Алматы облысында – 8953, Қарағанды облысында – 5478, Солтүстік Қазақстан облысында – 2236 [4].

Мүгедектікті, оның себебі мен мерзімін, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу тәртібі ҚР ДСӘДМ-нің «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу» Ережесімен регламенттелген. Мүгедектік тобын тағайындауға негіз болып табылатын ауруларға адамға әлеуметтік көмек талап етілетін ауыр жарақат, созылмалы ауру және туа біткен патология жатады. Мүгедектік тобы елімізде бала 7-жасқа толған кезден бастап тағайындалады. Егер сараптама комиссиясында өзгеше көрсетілмесе, мүгедек балалар 18 жасқа толғанда қайта куәландырудан өтеді [5]. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы 15-бабының 5-тармағы кемтар балалардың психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысына сәйкес арнаулы білім беру ұйымында немесе мемлекеттік білім беру ұйымында тегін мектепалды және жалпы орта білім алуға құқығына назар аударады [6]. «Бала құқықтары туралы» Заңы 31-бабының 2-тармағында мүгедектігі бар баланың толыққанды өмір сүруінің алғышарты ретінде мүгедектігі бар баланың өзінің дене бітіміне, ақыл-ес қабілетіне және тілегіне сай білім алуға, қызмет түрі мен кәсіпті таңдауға, шығармашылық және қоғамдық қызметке қатысуға құқығын көрсеткен [7].

Мүгедек, мүмкіндігі шектеулі балалар білім беру мен тәрбиенің ерекше жағдайын қажет етеді. БҰҰ Бас Ассамблеясының мақұлдауымен елімізде мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылы «ҚР инклюзивті білім беруді дамыту» тұжырымдамасы бекітілген. Еліміздегі инклюзивті білім берудің ең басты мақсаты — мүгедек, мүмкіндігі шектеулі балалардың жекелеген ерекшелігін ескере отырып, оларды қалыпты ортаға бейімдеу болып табылады. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы 1-бабының 1-тармағына сәйкес білім алу үшін арнаулы жағдай — мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламасын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнаулы оқу және жеке дамыту бағдарламасын, оқыту әдісін, техникалық, оқу және өзге де құралды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметті қамтитын жағдай болып табылады [6].

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымы өзінің қызмет көрсету аумағында тұратын балаларды, соның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар, мүгедек, мүмкіндігі шектеулі балаларды олардың әлеуметтік жағдайына, физикалық, эмоционалдық және интеллектуалдық даму ерекшелігіне қарамастан, тиісті білім беру мекемесіне қабылдап, олар үшін арнайы білім беру бағдарламасын құрастырып, сол балалардың қажеттілігіне бағытталған педагогикалық-психологиялық әдіс қолдануға міндетті [8, 16-18].

Инклюзивті білім берудің дағдылы жағдайда жүргізілуіне мына мәселе кедергі келтіруі мүмкін: педагогтың мүгедек балаларды оқытуға психологиялық және кәсіби даярлығының болмауы немесе жеткілікті деңгейде болмауы; сыныптағы дені сау балалардың ата-анасының өзінің дені сау балаларымен мүгедек баланың бірге оқу фактісін қабылдай алмауы, қарсылық тудыруы; балабақша, мектеп пен өзге де білім мекемесінің білім алудың ерекше жағдайын қажет ететін мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қажетті материалдық-техникалық базасының болмауы немесе жеткілікті деңгейде ұйымдастырылмауы; мүгедек баланың ата-анасының дені сау балалардың ортасына түскен балаларының психологиялық қолайсыздық, әлеуметтік қабылдамау сияқты құбылысқа ұшырауынан қорқуы [9].

Еліміздегі білім берудің ерекше жағдайын қажет ететін мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуға деген құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін арнайы білім беру мекемелері, ол жерде білім алып жатқан мүмкіндігі шектеулі бала саны, олардың құқығын жоғарылату және жақсарту бойынша жоспарланған шараны білу мақсатында ҚР Оқу ағарту министрлігіне сұрау салынған еді. Біздің № 733594 сұрауымызға 2022 жылдың 27 мамырындағы № 607-ВН берілген жауапқа сәйкес ҚР бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мектепке дейінгі мекеменің саны – 3234 (оның ішінде арнайы балабақша – 45, инклюзия жағдайы жасалған жалпы бала бақша саны – 2963, арнайы топтары бар жалпы балабақша саны – 226). Мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың ата-анасына көмек көрсетілетін орталықтың саны: арнайы білім беру мекемесі – 454, арнайы балабақша саны – 45, арнайы мектеп – 99, түзеу кабинеті – 211, оңалту орталығы – 13, психологиялық-педагогикалық-кеңес – 86 (бұдан ары ПМПК). Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленіп жатқан бала – 24720, (арнайы балабақшадағы тәрбиеленуші саны – 4128, инклюзия жағдайы жасалған жалпы балабақшадағы бала – 14921, арнайы топтары бар жалпы балабақшадағы бала саны – 5671). Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған инклюзивті білім беру орта мектеп саны – 4426.

Осылайша, біз мемлекеттің мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқығын қамтамасыз ету бойынша қажетті шара ұйымдастырып жатқанын көрдік. Алайда жасалынып жатқан мүмкіндікке қарамастан, шешімін таппаған мәселенің әлі де болса бар екені жасырын емес. Атап айтқанда, 1. Мүгедек, мүмкіндігі шектеулі балалардың тек білім саласында ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласындағы құқығын іске асыру тетігін жақсарту тақырыбының елімізде ғылыми тұрғыдан жетік зерттелмегені. Бұл санаттағы балалардың құқығын қорғау, жақсарту тек халықаралық құжат пен ұлттық заңнамаларда көрініс тапқан. Аталған мәселемен айналысқан құқық саласы ғалымдарының еңбектері өте аз. Бұл еліміздегі балалар мүгедектігі мәселесіне деген ғылыми қызығушылықтың төмен деңгейін көрсетеді. Мүгедек, мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығы мүгедек адамдардың құқығымен бірге қарастырылған, бөлектенбеген. Бұл олардың құқығы мен қажеттілігінің толық көлемде зерттелмеуіне алып келіп соғады.

2. Инклюзивті білім беру жүйесінде мәселе жоқ емес. Ерекше оқу жағдайын қажет ететін мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беретін арнайы білімі бар педагогтер (әлеуметтік педагог, тьютер, психолог, сурдолог, дефектолог, бейімді дене шынықтырушы) қажеттілігі бар. Аутизммен ауыратын балалармен жұмыс жасайтын арнайы мамандар (мінез-құлық талдаушысы, тьютор, әлеуметтік педогог, психолог) даярлайтын орталық саны аз. Олардың тапшылығы өте күрделі [10]. Бейімді дене шынықтыру мамандарының жоқтығы мүмкіндігі шектеулі балалардың спортпен айналысу құқығына кері әсерін тигізуде. Осы санаттағы секцияның басым бөлігі демеушілер қаражатымен жүргізілуде. Оның үстіне, ол секциялар еліміздегі 150 мыңға жуық баланың 700-ін ғана қамтамасыз ете алады. Мемлекеттік секцияға қабылдау қатаң сұрыптау арқылы жүргізілетіндіктен, психикалық бұзылуы бар мүгедек балалардың бұндай мемлекеттік секцияға қабылдануы тіпті мүмкін емес [11].

